**«Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа құжатты жасау немесе куәландыру»**
мемлекеттік қызмет паспорты

**Қызмет көрсетуші:**
Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері.

**Жұмыс кестесі:**

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау сағат 09.30-дан 12.30-ға дейін, ал мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Сәрсенбі қабылдамайтын күн.

**Веб-сайт:**
шетелдегі мекемелердің сайттары

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды және олардың нәтижесін беруді жүзеге асыратын мекеме:**
Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері.

**Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:**
қағаз түрінде

**Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:**
5 (бес) жұмыс күннен аспайды.

**Қажетті құжаттар тізбесі:**

1) жеке тұлғалар үшін:

еркін нысандағы өтініш;

көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы мен көшірмесі); кемеге меншік құқығын растайтын құжат;

көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін білдіруді растайтын құжат;

консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы;

2) заңды тұлғалар үшін:

еркін нысандағы өтініш (көрсетілетін қызметті алушының сенімді өкілі береді);

кемеге меншік құқығын растайтын құжат;

көрсетілетін қызметті алушының мүддесін білдіретін адамның атына сенімхат (түпнұсқа);

консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың түпнұсқасы.

**Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі**:

Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа құжатты жасау немесе куәландыру.

**Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының нөмірі**:
1414, 8 800 080 77777

* толық ақпаратты алу үшін мемлекеттік қызмет көрсету стандартымен танысуды сұраймыз